

**ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ
ХАБАРШЫ**

№ 2 (32)

2010

Терминологиялық 2010

№ 2 Хабаршы

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ХАБАРШЫ

№ 2 (32)





**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы
Мемлекеттік терминология комиссиясының бюллетені**

№ 2 (32)

2010 жылғы маусым

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігі

Редакциялық алқа:

М. Құл-Мұхаммед

Мемтерминком
төрағасы

С. Абдрахманов

М. Айымбетов

Т. Алпысбаев

М. Ахмет

Ж. Бейсенбайұлы

Ә. Кекілбаев

Б. Қалиұлы

Ш. Құрманбайұлы

М. Құлкенов

Б. Майлыбаев

Б. Момышнова

Д. Омашұлы

К. Хұсайын

Е. Шаймерден

К. Юсуп

Бас редактор

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ

КР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде тіркеліп, тір-
кеу туралы 2002 жылғы 27 мамырда
№ 2993-Ж күзелігі берілген.

ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ, ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Хабаршының бұл айдарымен А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері филология ғылымдарының кандидаты Б. Жонкешовтің «Қошке Кеменгерұлы және химия терминдері», әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы А. Шыныбекованың «Терминдердің қалыптасуындағы термин-жүйе ұғымы» атты макалалары беріліп отыр.

Б.С. Жонкешов,*А. Байтұрсынұлы атындағы**Тіл білімі институтының**ага гылыми қызметкери**филология гылымдарының кандидаты*

Қошке Кеменгерұлы және химия терминдері

Қошке Кеменгерұлы XX ғасырдың 20-жылдары қазақ терминологиялық қорының қалыптасуына атсалысқан ғалым. Ол 1913 жылы Омбыдағы ауылшаруашылығы училищесінің ауылшаруашылығы бөліміне түсіп, оны 1918 жылы аяқтаған. Одан кейін 1918 жылы Сібір ауылшаруашылық және өндіріс институты ветеринария факультетінің медицина бөліміне оқуға түсіп, оны төртінші курсын бітірген соң 1924 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің медицина факультетіне ауысқан. Ташкентке ауысқаннан кейін ол газет-журнал жұмысына араласады, Орта Азия университетінде және Туркістан әскери училищесінде қазақ тілінен сабак береді. Оның журналист, жазушы ретіндегі қызметі Омбыдағы ауылшаруашылығы училищесіне түскен жылдардағы газет ісіне араласқаннан басталса, тілші ретінде қалыптасу кезеңі Ташкентте басталады. Ғалымның бүгінге дейінгі белгілі еңбектерінің ішіндегі тілге қатыстылары 1928 жылы Ташкентте, 1929 жылы Қызылордада жарық көрген екі кітаптан тұратын – «Жабырапалықтар үшін оку құралы», Г. Архангельскийдің авторлығымен (Қ. Кеменгерұлының редакторлығымен), 1927 жылы жарық көрген Қ. Кеменгерұлының лекциялары негізінде дайындалған «Қазақ тілінің грамматикасы» және 1925 жылы Мәскеуде Қ.Кеменгерұлының басқаруымен жарияланған – «Орысша-қазақша тілмаш». Сондай-ақ оның мақалалары мен түрлі жиындарда сөйлеген сөздерінде де тіл мәселелеріне қатысты ойлар мен ұсыныс пікірлер бар» [1, 151 б.]. Сонымен бірге Қ. Кеменгерұлының еңбектерінің бірі ретінде «Химия» оқулығын сөз еткіміз келеді. Бұл енбек 1929 жылы Қызылорда қаласында басылған. Тарапалмы 4000 дана. 228 бет. Қ. Кеменгерұлының П. Лебедивтің «Химия» оқулығын аударудағы мақсаты – сол кездегі окубілімге құштар қазақ балаларына химия саласына байланысты қазақ тілінде оқулық дайындау еді. Осы оқулықтың құндылығы ретінде еңбектің соңғы жағында кестемен берген 200-ге жуық химия терминдерінің тізбегін көрсетуге болады. Ал оқулық мәтіндерінен қазір колданылып жүрген немесе колданыстан шығып қалған химия саласына және басқа да ғылым

салаларына байланысты терминдерді көптеп кездестіруге болады. П. Лебедивтің «Химия» оқулығын аудару арқылы Қ. Кеменгерұлы сол кездегі тілімізге тансық химия терминдерін жасаған. Ол окулықтан осы кезге дейін сол қалпында қолданылып жүрген көптеген химия терминдерін кездестіреміз. Мысалы, эквивалент – балау (балама), торф – шымтезек, растворитель – еріткіш, раствор – ерітінді, растворимость – ерігіштік, фарфор – кәрден (қазір кәрлен деп қолданылып жүр), углерод – көміртек, едкий натр – күйдіргіш натыр, мрамор – мәрмәр, нашатыр – мұсатыр (қазір мұсатір деп қолданылып жүр), кислород – оттек, двуокись – қостотық, смесь – қоспа, бронза – қола, насадка – қондырма, явление – құбылыс, сплав – құйма, кислота – қышқыл, поташ – сақар, суръма – сүрме, водород – сутек, щелочь – сілті, киноварь – сыр, окись – тотық, окисление – тотыгу, восстановление – тотықсыздану, трубка – түтік [2, 218-224 бб.]. Келтірілген осы терминдердің қайсысын Қ. Кеменгерұлы жасаған, қайсысы бұрыннан келе жатқан сөздер екендігі немесе басқа бір автор жасағандығы тарих еншісінде. Біз ол жайында ештеңе айта алмаймыз. Біздің максатымыз – Қ. Кеменгерұлының пайдаланған (мүмкін жасаған) терминдерінің қазіргі біз қолданылып жүрген терминдермен сәйкестігін ғана көрсетіп беру. Тағы бір көңіл аударатын мәселе – Қ. Кеменгерұлы П. Лебедивтің «Химия» оқулығын аударуда қазақ зияльдарының сол кездегі терминге қойылуы тиіс шарттарды қатаң сақтағандығын байқауға болады. Мәселен, 1. Қазақша пән сөздері қазақтың өз тілінен алынатын болсын [3, 25 б.]. Мысалы, Отношение – ара, кислота – қышқыл, реакция – текстесу, торф – шым тезек т.б. 2. Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер, басқа түркі халықтарынан ізделсін; басқа түріктер тіліндегі пән сөздер – жалпы түркі сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, ондай сөздер жатырқамай алынысын [3, 25 б.]. Мысалы, Светильный газ – шырақтық газ, Воздух (атмосфера) – әуе т.б. 3. Европа халықтарының бәрінің де сіңіп кеткен жалпы жүртқа ортақ пән сөздер, қазақ тілінің зандарына келтіріліп, бізге де пән сөз болып алынысын [3, 25 б.]. Мысалы, Газ – газ, Азотная кислота – Азот қышқылы, Барий – барый т.б. 4. Қазақтың өз тілінен, басқа тілдерден алынған пән сөздер қазақ тілінің баяндамада бейнелеп көрсетілген зандарынша өзгертуліп алынысын [3, 25 б.]. Мысалы, Эквивалент – балау (балама), Бактерий – бактерие, Фосген – поскен, Бром – бүром т.б. Қ. Кеменгерұлы жасаған терминдерінің ішінен қазіргі терминжасам тәсілдерінің барлық тәсілдерін кездестіруге болады. Мысалы, терминжасамның синтетикалық (морфологиялық) тәсілі арқылы жасалған терминдер. Бұл терминдер қатарына -лық,



-лік (Удельный вес – ауырлық, Средство (валентность) – іліктік) **-ыш** (Горючий – жанғыши), **-кіш**, **-қыш**, **-гіш** (Растворитель – еріткіш, Жом – қысқыш, Холодильник – тоңазытқыш, Держалка – тұтқыш, Катализатор – тектестіргіш), **-ме**, **-ма** (Растворимое вещ. – еріме, Насадка – қондырма, Сплав – құйма, Горелка – қыздырма), **-тік** (Растворимость – ерігіштік), **-ік**, **-ық** (Гремучий – күркіреуік, Трубка – тұтік, Окись (окисел) – тотық), **-кы** (Домна – қорытқы, Зажим – қысқы), **-па** (Смесь – қоспа), **-ыс** (Соединение – қосылыс, Состав – құралыс, Явление – құбылыс), **-гі** (Фильтр – сүзгі), **-ым** (Давление – сығым), **-ша** (Пластинка – қалакша), **-у** (Реакция – тектесу) т.б. қосымшалар арқылы жасалған терминдерді жатқызамыз. Сол кезде бастау алған осы қосымшалар әлі де өнімділігін жойған жоқ. **Терминжасамның аналитикалық (синтаксистік) тәсілі арқылы жасалған терминдер:** Атомистическая гипотеза – атым қыйсыны генетез, Реакция нейтрализации – аралық тектесуу, Реакция разложения – айырыла тектесуу, Благородные металлы – асыл металдар, Перекись – асқын тотық, Азотная кислота – азот қышқылы, Полублагородные металлы – шала асыл металдар, Закись – шала тотық, Самоосадочная соль – байланы тұз, Гранит – шұбар тас, кірәніт, Каменная соль – тау тұз, Светильный газ – шырақтық газ, Механичес. смесь – жай қоспа, Торф – шым тезек, Горные породы – жер жыныстары, Металличес. мышьяк – жылтыр мышайық (купіраз), Черенковая сера – жіліншік күкірт, Паяльная трубка – дәнекер тұтік, Друммондов свет – дурмент жарығы, Выпуклая линза – дөңес бійнза, Закон кратных отнош. – еселік заңы, Асбест – тас кендір, Противогаз – газ қайтарғыш, Углерод – көмір-тек, Серная кислота – күкірт қышқылы, Сернистая кислота – күкіртті қышқыл, Едкий натр – күйдіргіш натыр, Едкий кали – күйдіргіш келий, Серный цвет – майда күкірт, Основное соедин. – негізде қосылыс, Кислород – оттек, Органическое вещ. – өзекті заттар, Неорганическое вещ. – өзексіз заттар, Фенол-фталеин. – пенөл-птыталейін, Аморфное вещество – пішиңсіз зат, Штатив с лапками – қаптырмалы іштәтін, Тигель – қазаншып, Взрывчатое вещество – қопарма зат, Двуокись – қос тотық, Реакция соедин. – қосыла тектесуу, Сложное вещество – құранды зат, Постоянство состава (закон) – құралыс тұрақтылығы, Реакция вытесн. – құда тектесуу, Сурик – қызыл жүйрік, Кислая реакция – қышқылдана тектесуу, Кислотный окисел – қышқылдық тотық, Постоянство веса (закон сохран. веса) – салмақ тұрақтылығы, Весовая часть – салмақтық есе, Самородный мет. – сом (таза) метал, Водород – сұу-тек, Водяная баня – сұулы жылытқыш, Щелочная ре-

акция – сілтілене тектесүү, Основной окисел – сілтілік тотық, Устойчивое соедин. – тұрлаулы қосылыс, Неустойчивое соедин. – тұрлаусыз қосылыс, Фурма – үрлеу түтік т.б. Бұл тәсіл арқылы жасалған терминдер негізінен сөз тіркестіру арқылы жасалған терминдер қатарын құрайды. Бірді-екілі сөздерді қосарлау және біріктіру арқылы жасалған терминдер де байқалады. Терминжасамның лексика-семантикалық (термидену) тәсілі арқылы жасалған терминдер: *Фарфор* – қарден, *Отношение* – ара, *Гремучий* – күркіреуік, *Канифоль* – шайыр, *Перегной* – көң, *Колба* – қолбы (кузешік), *Глазурь* – кіреуке, *Окалина* – қақ, *Сплав* – құйма, *Кислота* – қышқыл, *Поташ* – сақар, *Лента* – таспа, *Пластинка* – қалақша т.б. Сонымен ойымызды қорыта келгенде К. Кеменгерұлы алғаш химия терминдерін қалыптастырушы.

К. Кеменгерұлының еңбегінің тағы бір астын сыйып атап көрсететін ерекшелігі – термин жасау барысында көп вариантылықта жол бермеуі. Сонымен бірге қазір терминологиялық жұмыстар деп қолданылатын реттеу, нормалау, біріздендіру, жүйелеу қағидаттарын басты назарда ұстағандығын байқауға болады.

Әдебиет

1. Құрманбайұлы Ш. Алаш және термінтану (XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы. 1910-1930 жылдар). (монография). – Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚҚ, 2008. – 240 бет.
2. Лебедів П. Химия жеті жылдық мектептің 5-інші, 6-ыншы жылдарында оқылатын кітап. Аударушы Кеменгерұлы. – Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1929 ж. – 228 бет.
3. Терминология мәселелері. Құрастырушылар: Ш. Құрманбайұлы, О. Жұбайева. 1-кітап. – Астана, 2006. – 288 бет.



**Қ. Кеменгерұлы тәржімалаган П. Лебедивтің
«Химия» оқулығының соңында берілген терминдер тізбегін
«Қазақша-орысша, Орысша-қазақша терминологиялық сөздік:
Химия» создігіндегі терминдермен салыстырмалы кесте
(барлығы 176 термин)**

Химия терминдерінің орысша атауы	Қ. Кеменгерұлы еңбегіндегі нұсқасы	Химия терминдерінің қазіргі сөздіктердегі нұсқасы
Реакция нейтрализации	аралық тектесүү	-
Реакция разложения	айырыла тектесүү	-
Благородные металлы	асыл металдар	-
Перекись	асқын totық	Асқын оксидтер
Аммоний	әмен	Аммоний
Удельный вес	ауырлық	-
Отношение	ара	Қатынас
Азот	азот	Азот
Азотная кислота	азот қышқылы	-
Эквивалент	балау (балама)	Парапарлық, балама
Бактерий	бактеріє	-
Фосген	пәскен	Фосген
Бром	бұром	Бром
Барий	барый	Барий
Вольт	уюет	-
Бертолетовая соль	бертелет тұзы	-
Весы Беранже	беренжі таразысы	-
Бензол	бензол	Бензол
Висмут	бійсміт	Висмут
Канифоль	шайыр	Шайыршық
Полублагородные мет.	шала асыл металдар	-
Закись	шала totық	-
Самоосадочная соль	байланды тұз	-

Гранит	шұбар тас, кірәнійт	-
Каменная соль	тау тұз	-
Перегной	көң	-
Светильный газ	шырақтық ғаз	-
Горючий	жанғыш	Жанаармай (горючее)
Механичес. смесь	жай қоспа	Механикалық қоспа
Латунь	жез	Жез
Торф	шым тезек	Шымтезек
Горные породы	жер жыныстары	-
Металличес. мышьяк	жылтыр мышыяқ (купіраз)	-
Черенковая сера	жіліншік күкірт	-
Паяльная трубка	дәнекер түтік	-
Друммондов свет	дүрмектік жарығы	-
Кран Даниэля	дәнел шүмегі	-
Лампа Дэви	деуе шамы	-
Выпуклая линза	дәңес бійнза	-
Эбонит	ебенійт	-
Эфир	епір	Эфир
Иприт	іпрійт	-
Этилен	етілен	Этилен
Растворитель	еріткіш	Еріткіш
Раствор	ерітінді	Ерітінді
Растворимое вещ.	еріме	-
Растворимость	ерігіштік	Ерігіштік
Закон кратных отнош.	еселік заны	Еселі қатынастар заны
Гелий	кәлій	Гелий
Электролиз	електріліз	Электролиз
Воздух (атмосфера)	әуе	-
Ацетилен	әссетілен	Ацетилен

Асбест	тас кендір	Талшықтас
Алюминий	әлүүмін	Алюминий
Алюминотермия	әліумін темір	Алюминтермиялау
Амальгама	(амелгем) амалғам	Амалгамдар (амальгамы)
Аммиак	эмүйек (мұсатыр ғаз)	Аммияк
Галлоиды (галогены)	гәләйіт	Галогендер (галогены)
Генератор	генеретір	-
Гипс	гійпіс	Фаныш, гипс
Гипосульфат	гійпесүлпет	-
Газ	ғаз	Газ
Газообразный	ғаз сымақ	-
Противогаз	ғаз кайтарғыш	Газтұтқыш
Газометр	газыметір	-
Графит	ғыраптыйт (карындаш таш)	-
Сродство (валентность)	іліктік	Ынтықтылық
Угарный газ	ійіс ғаз	-
Штатив	іштетіп	Түргы
Кальций	қалсій	Кальция
Калий	қалій	Калий
Каломель	қалімел	Каломель
Карбид	қәрбійт	Карбит
Кадмий	қәдмій	Кадмий
Карборунд	қарбұрант	Карборунд
Фарфор	қәрден	Кәрлен
Консервы	кәнсеріп	-
Консервирование, консервировать	кәнсеріптеу	-
Гальванометр	гәлуенметір	-
Кобальт	көбелт	Кобальт
Кокс	көкіс	-

Углерод	көмір-тек	Көміртек
Гремучий	күркіреуік	-
Колба	қолбы (күзешік)	Құты
Серная кислота	күкірт қышқылы	-
Сернистая кислота	күкіртті қышқыл	-
Едкий натр	күйдіргіш натыр	Күйдіргіш натр
Едкий калий	күйдіргіш келій	Күйдіргіш калий
Аппарат Кийна	кең аспабы	Құрылғы (аппарат)
Кристалл	кірестал	Кристалдар (кристаллы)
Кремний	кіремній	Кремний
Кремнезем	кіремнезем	Кремнезем
Глазурь	кіреуке	Жылтыратпа
Химия	кіймійе	Химия
Химический	кіймійлі	-
Купорос	кіпірәз	Купоростар (купоросы)
Лаборатория	лабыратыр	Зертхана, лаборатория
Лакмус	лақмыс	Лакмус
Марганец	марған	Марганец
Серный цвет	майда күкірт	-
Мрамор	мәрмәр	Мәрмәр
Магний	магнез	Магний
Молекула	мәлекүл	Молекула
Нашатырь	мұсатыр	Мұсәтір
Металл	метал	Металдар (металлы)
Металлоид	метал емес	-
Метил-оранж	метал оранж	Метилоранж
Натрий	натыр	Натрий
Нафталин	напталыйын	Нафталин
Основное соедин.	негізді қосылыс	-
Никель	некел	Никель

Хабаршы № 2

Кислород	от-тек	Оттек
Органическое вещ.	өзекті заттар	Заттар, заттектер (вещества)
Неорганическое вещ.	өзексіз заттар	-
Парафин	парапын	Парафин
Фосфор	поспыр	Фосфор (фосфор)
Пробирка	пүреңірке	-
Пипетка	пепетке	Тамшуыр
Финал	пенол	-
Фенол-фталеин	пенөл-птыталейін	- Фенфлодар (фенфолы)
Аморфное вещество	пішінсіз зат	Аморфты заттар
Платина	пылатын	Платина
Штатив с лапками	каптырмалы іштәтіп	-
Тигель	казаншып	Отбақыраш
Окалина	қақ	Тотқақ
Насыщенный	қанық	-
Каучук	каушық	Көксағыз
Взрывчатое вещество	қопарма зат	Жарылғыш заттар
Домна	корыткы	-
Двуокись	кос totық	Қос totықтар (двуокиси)
Смесь	қоспа	Қоспа
Соединение	қосылыс	-
Реакция соедин.	қосыла тектесүү	Реакциялар (реакции)
Состав	құралыс	Құрам
Бронза	қола	Қола
Насадка	қондырма	Қондырма
Явление	құбылыс	Құбылыс
Сложное вещество	құранды зат	Курделі зат
Постоянство состава (закон)	құралыс тұрактылығы	-

Вытеснять	күүүү	Ыңыстырғыш (вытеснитель)
Реакция вытесн.	күа тектесүү	-
Сплав	күйма	Күйма
Крахмал	кыракмал	-
Горелка	кыздырма	Жанарғы
Сурик	қызыл жүйрік	Жоса
Зажим	кыскы	-
Жом	кыскыш	-
Кислота	қышқыл	Қышқыл
Кислая реакция	кышқылдана тектесүү	-
Кислотный окисел	қышқылдық тотық	-
Хлор	кылор	Хлор
Хлороформ	қылоропорым	Хлороформ
Весы Роберваля	робыр бал таразысы	-
Реторта	ретерті	Мойнақ
Поташ	сақар	Сақар
Вес	салмақ	-
Постоянство веса (закон сохран. веса)	салмақ тұрақтылығы	-
Весовая часть	салмақтық ессе	-
Сода	соды	Сода
Самородный мет.	сом (таза) металл	-
Сурьма	сүрме	Сүрме
Фильтр	сүзгі	Сүзгіш
Гидрат	сүуан	Гидраттар (гидраты)
Водород	сүу-тек	Сутек
Водяная баня	сүулұ жылдықыши	-
Холодильник	тоңазытқыш	-
Церий	серій	Церий

Цезий	сезій	Цезий
Цилиндр	селендір	-
Уксус	сірке	Сіркесу
Давление	сығым	Қысым
Щелочь	сілті	Сілтілер (щелочи)
Щелочная реакция	сілтілене тектесүү	-
Основной окисел	сілтілік тотық	-
Киноварь	сыр	Сыр
Лента	таспа	-
Пластишка	қалақша	-
Медный купорос	тотыйайын (көк дәрі)	Мыскупоросы, тотияйын
Окись (окисел)	тотық	Тотықтар (окиси)
Окисление	тотығышу	Тотығу
Восстановление	тотықсыздануу	Тотықсыздануу
Трубка	тұтік	Тұтік
Устойчивое соедин.	тұрлаулы қосылыс	Тұрақтылық (устойчивость)
Неустойчивое соедин.	тұрлаусыз қосылыс	-
Держалка	тұтқыш	Ұстаратқы
Термоскоп	термескөр	-
Элемент	тек	Элемент
Катализатор	тектестіргіш	өршіткі
Реакция	тектесүү	Реакция
Цинк	тініке	-
Вещ.	зат	Заттар, заттектер
Индиго	үндійге	-
Фурма	үрлеу тұтік	-
Порошок	ұмтак	-
Йод	ыйот	Йод

А. Шыныбекова,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің ага оқытушысы

ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ТЕРМИН-ЖҮЙЕ ҰҒЫМЫ

Тіл – адам баласының негізгі қарым-қатынас құралы ғана емес, жүйелі ойлауды ұйымдастыруши да қызметтін атқарады. Тіл арқылы таңбаланатын ой қызметі рухани дүние болғандықтан сөз көмегімен материалдық бейнеге, материалдық таңбаға айналып, түйсікпен қабылданады. Ой мен ойлау жүйелі болса оның сөзде таңбалануы да жүйелі болады.

Жүйе сөзі қазақ тілінде сала, тарау, жөн, рет, тәртіп, түйін, жөн-жосық деген мағыналарға ие. Халқымыз біреудің айтқан сөзі дұрыс болса «жүйелі сөз» деп баға берген. Кез келген ұғым болмыстық түйсік арқылы танылышп, санада өмір сүреді де, дыбыс арқылы көрініс табады. Лексиканың жүйелігінен арнаулы лексика туынтайтының міндеттес мәндердің табады. Ғылым, техника, өндіріс, ауыл шаруашылығы, басқару орындары т.б. қатысты атаулар арнаулы лексиканың құрай отырып термин сөздердің жасалуына әкеледі.

Термин сөздердің жүйесі туралы айтқанда А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Қ. Кеменгеров, Ә. Бекіханов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, С. Бәйішев, М. Дулатов, Г.К. Бірімжанов, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев т.б. ғалымдар қазақ тілінде әр түрлі ғылым салалары бойынша оқулықтар мен оку құралдарын жазуда байырғы жалпы қолданыста жүрген сөздердің мағынасына жаңаша терминдік мән беріп, XX ғасыр басындағы қазақ тіл білімінде игілікті істер атқарғанын атап өткен жөн.

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушылардың бірі Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл құралы», «Әліп би», «Әдебиет танытқыш» еңбектерінде термин сөздердің негізdemесін жасады. А. Байтұрсынұлы жасаган терминдердің басты ерекшеліктері деп мына жайттарды атап өтуге болады:

- анықталатын ұғымның дәлдігі;
- таңбаланатын атаулардың қазақшалануы;
- термин сөздердің жалқы сипатта болуы;
- терминнің нақтылығы;
- терминнің мазмұндық уәжділігі.

Қ. Жұбанов «Қазақ әдебиет тілі термин сөздері туралы» атты мақаласында халықаралық термин сөздерді қабылдау мен жазу нормаларында ғылыми-техникалық бірлікті сактау туралы ескертеп отырып, сәйкес

келетін сөздермен ұғым атаяны аударғаннан гөрі өзінің бұрынғы қалпын сақтауды ұсынды. Бұл орыс және ете термин сөздерінің көп енуіне жол ашты.

С. Аманжоловтың «Қазақ тіліндегі ғылыми терминология мен аударма мәселесі туралы» атты А.Әбдірахмановпен бірге жазған ғылыми мақаласында: «Термин деп танылған, қабылданған сөздің бір-ақ мағынасы болуы керек. Екіұшты мағына беретін сөз термин болып жарытпайды», – деп басып айтады [1, 205 б.]. Әр түрлі ғылым саласы бойынша терминдердің баламалы аударылуы қажеттілігіне мән береді.

Термин сөздердің негізгі ерекшелігі – ғылым мен техника салалары бойынша белгілі бір ұғым мен түсінік атаяу болып, дефинициялық анықтамасының болуы. Терминнің басты мәселесінің бірі – бір мағыналық, алайда, ол қағидатты сақтау барлық жағдайда мүмкін бола бермейді. Терминология концептологиямен тығыз байланысты болады. Терминдік жүйе терминденуге ұшырайтын түсініктер жүйесіне сай келуі тиіс. Концептілік пен түсініктердің өзара арақатынасы жеке тілдік жүйеде термин мен оны таңбалаушы ұғым арасында үлкен танымдық байланыс орнатады [2, 21 б.]. Термин сөздерде мазмұны мен мағынасы – түсінігі мен сипатындағы бірліктен танымдық байланыс орнайды. Өзі таңбаланушы ұғым мен таңба арасында уәжді (мотивированный) байланыс болуы шарт. Бұл терминнің ішкі танымдық табиғатын көрсететін негізгі факторлардың бірі.

Қазақ тіліндегі термин сөздердің жасалуында үш түрлі жүйелі бағыт қалыптасқан:

- төл сөздер арқылы жасалған терминдер: *зат, сараты, жарғы, жарлық, бұйрық, мәміле, құқық, азаматтық, әкім* т.б.

- шетел тілінен енген терминдердің баламалық (калька) аударылуы арқылы жасалған терминдер: *галамтор, тергеу қапасы, қол сұқпау, ұңғыма, өлишеуіш құрал, ауа айдағыш* т.б.

- өзгеріссіз енген шетелдік терминдер: *орфография, орфоэпия, дипломатия, экономика, технология, тариф, лизинг, акция, аукцион, гигиена, шифр, карьер* т.б.

Терминдердің жасалуы туралы айтқанда ғалым Ө. Айтбайұлының жіктеуі бойынша семантикалық, аналитикалық, калькалау, өзге тілден дайын сөз алу арқылы жүзеге асатынын атап оту керек. Терминнің жүйелілігі туралы айтқан әр түрлі пікірге ғалым былайша өз көзқарасын білдіреді: «Кейінгі кезде, әсіресе лингвистикалық әдебиеттерде, терминдердің жүйелі болу жағы әңгіме болып жүр. Ал енді жүйелілік дегенді елдің бәрі бірдей

дұрыс түйіне бермейтін сияқты. Әр қылы пікір бар. Мәселен, белгілі терминші-тілшілердің бірі В.А. Даниленко мұның классификациялық мәніне баса назар аударып, сол тұрғыдан түсіндірмек болады. Әйтілі тілші А.А. Реформатский терминнің сөзжасамдық жүйесіне көбірек көңіл бөледі. Ал үшінші бір пікір осы айтылғандарды дамыта келіп, терминдер жүйесін екі түрлі ынғайда қарастырады. Яғни, оны бір жағынан, терминологиялық жүйенің элементі ретінде, екінші жағынан, жалпы тіл жүйесінің элементі есебінде бағалайды» [3,15-16 б.б.]. Терминологиядағы жүйелілік тәртібі бар жерде синонимдік қатарға, көп мағыналылыққа орын жоқ екендігіне баса назар аударады.

Мәністік (семантикалық) тәсіл арқылы жасалған терминдерге байырғыдан қолданыста жүрген сөздерді арнайы ұғымға таңба ретінде қолдану жатады. Мысалы: шабуыл, қорытынды, аймақ, өкіл, кемсіту, нәсілшілдік, қақтығыс, шиеленіс, мәлімет, бейтараптандыру, қудалау, айып, айыппұл, шарт, бітімгершілік т.б. сөздер бастанқы мағынасынан ерекше мағынаға ие болып, қофамның сан саласына термин ретінде пайдаланылады. Ал сөзжасамдық (синтетикалық, аналитикалық) әдіс арқылы термин жасауда А. Байтұрсынұлы өз еңбектерінде 33 жұрнақты қолданған. -лы, -лі, -шы, -ши, -сыз, -сіз, -ты, -ти, -лық, -лік, -ма, -ме, -у, -ым, -ім, -ман, -мен, -шылық, -шілік, -у+ыш, -у+иш, -паз, -қор, -шіл+дік, -шыл+дық, -тық, -тік, -дық, -дік, -ба, -бе, -на, -не, -с, -ыс, -іс жұрнақтарының термин жасаудағы қарқыны мен пәрменділігін ғалымның еңбектерінен көруге болады. Мысалы: дауысты, дауыссыз, туынды, үстегу, аңдату, әуезділік, әліптеме, байымдама, кекесіндеу, жалғау, жұрнақтық, бастануыш, баяндауыш, сарындаама, терме, толғау, сауықтама, ермектеме, дарынды сөз, зейінде, шартты оралым, түйдектеу, шенденестіру, қайталақтау, еспелеу, лептеу, әсерлеу, мезгеу, көріктіеу, кейінтеу, бернелеу, алмастыру, меңзеу, дәлдік, шыгарма, сүгіреттей (суреттей) т.б. Бұл аталғандардың біразы әлі сол күйінде қолданыста болса, кейірі заман талабына сайғылыми зерттеулердің нәтижелерімен басқаша терминдік атауға ие болған. Осы әдіспен қазіргі кезде орам, жемқорлық, үдеріс, отінім, салғырттық, немқұрайдылық, әлімжеттік, көне-көрнеу, ақаулық, олқылық, бағалауыштық, абстракттылы, егемендік, отарышылдық, біліктілік, лаңқестік, қаржыландыру, тұнба, үзақылық, мәмілегер, т.б. терминдер жасалынып, көпшілік қолданысына енгізілген.

Бұлардан өзге терминдер бірнеше сөзден тіркесіп құралып, бірігіп, кейде қосарланып, жаңа мағынада жұмсалады. Олар бір сөйлем мүшесі болып немесе іштей синтаксистік, морфологиялық тұтастықты құрайды.

Мәселен: жолда жүру ережесі, абайсыз қылмыс, сайлау және сайдану құбызы, адам өміріне қарсы қылмыс, алдын ала ойластырылған қылмыс, азаматтардың заң алдындағы теңдік қазидасы, қасақана қылмыс, бұзақылық ниет, көзден жасас ағызатын улы газ, сейсмикалық қауіпті аймақтар, жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қылмыстық істі қайта қараға жіберу, үнемдеудің экономикалық заңдылығы, жалған ақша жасасаушыларды қудалау т.б. Бұларға қоса біріккен сөздер арқылы жасалған терминдер де жеткілікті. Мысалы: жаратылыстану, онеркәсіп, оттегі, сутегі, жаргаққанаттылар, келісім – шарт, картопқазғыш машина, қостомтық, тұсаукесер, кітапқұмар, қылтамақ, көкжөтел т.б.

Академик Ә. Қайдардың 1993 жылдың жарық көрген «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» атты еңбегінде қазақ терминологиясының дамуына қажетті қағидаттар берілген. Осы қағидаттардағы басты ой – термин шығармашылығымен айналысатын ғалымдарға, көпшілікке нақты ұсыныстар беріп, терминологиялық жұмыстарды дұрыс жолға қою. Осы еңбекте салалық терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, өзгертуде, ауыстыруда ең алдымен қазақ тілінің төл және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалануға мән берілген [4, 5 б.].

Тіл дамуының басты көрсеткіші – сөзде қосалқы мағынаның дамуы болса, термин сөздерді жасауда да жүйелі түрде сөзжасамдық әдіс арқылы, терминологияның басты қағидаттарын ескере отырып терминдер жасауды іске асырған жөн.

Сөз арқылы ұғым туралы жалпы мағлұмат берілсе, ғылыми жаңалықтар көбейген сайын термин дефинициясы да толығып отырады. Сөз таптарының терминденуінде ерекшеліктер кездеседі. Әдетте зат есімді терминдер көп ұшырасады. Етістіктің -у түйік етістігінен *септей*, *көптеу*, *устеу*, *ойлау*, *теңеу*, *суреттеу*, *толғау*, *әсірелеу*, *бейнелеу* сияқты бұрыннан қолданыстағы терминдермен қатар *сұрыптау* – сортировка, *мұнай айдау* – выкачка нефти, *бұрғылау* – бурение, *көгалдандыру* – озеленение, *жою* – ликвидировать, *жекешелендіру* – приватизировать, *беттестіру* – очная ставка, *жобалау* – проектировать, *өңдеу* – переработка сияқты қолданысқа еніп, кедегісіз жұмсалудағы терминдерді көруге болады. Салалық терминдердін сапасы туралы сөз қозғағанда Н. Қаратышқановтың 1927 жылдың Қызылордада басылып шыққан «Пән сөздері» атты еңбегінде берілген сөздердің өз заманында терминологияны дамытуға қосқан үлесі бар екенін айта кетуіміз керек [6, 5 б]. Бұл еңбекте халықаралық және орыс тілінен енген терминдер төл тіліміздің фонетикасына сай берілген. Мысалы, *қылор* (хлор), *депезет* (депозит), *негетін* (негатив), *экsie* (акция) т.б. сөздердің бүгіндегі күнде

қолдануда жоқ немесе орыс тілінде қалай қолданылса солай айтылады. Ал қаулы – постановление, нұсқау – инструкция, жәбірленуші – потерпевший, салым – вклад, жасақ – отряд, жанартау – вулкан, кеңес – совет, қолқа – аорта, дәрікана (дәріхана) – аптека, мұнара – башня, шексіз геометриялық еселік дәуірлеу – бесконечная геометрическая прогрессия, шары – квадрат, өмірбаян – биография, мал дәрігер – ветеринарный врач, су тегі – водород, сарқырама – водопад, майдан соты – военно-полевой суд т.б. аударма терминдер бүгінгі күнге дейін пәрменді қолданыс үстінде. Әрине, авиахимия – химическая промышленность, Австралия – Австралия, Адъютант – атүлтан, ампер – ампир, Америка – Америка т.б. сияқты сөздерді бүгін қолданыста көрмейміз. Дегенмен, Н. Қаратышқанов жасаған сөздіктен бүгінгі күні қайта қолданысқа енген сөздер де бірқатар. Мысалы: бассейн – алап, обойма – ок, тізер, администрация – акимшилік, аренда – жал, буксир – жетек, вытяжная труба – сорма түтік, гидропресс – су қыспақ т.б. Воспаление сөзін талаурату, банкет – қошемет, биология – тіршілік тану, кредитор – аласылы, парашют – қалытқы, гимнастика – шынықтау, ведомость – қарамақ, неустойка – сертті айып, объяснительная записка – баян хат, помилование – жарылқау сияқты сөздер бүгінгі терминдерге дублет құрайтынын көреміз.

Терминдену шығармашылығында қарастырылатын сөздер терминологиялық жүйені құра отырып терминге айналады. Терминдерді жүйелеу ісінде термин-ұғым, термин-сөз сияқты қырларына мән берумен бірге термин-жүйе ұғымына да көңіл бөлу керек.

Терминдену барысында көптеген омоним сөздер туады. Сөз мағынасында болатын семантикалық өзгерістердің ұғым мазмұнын құрайтын белгілермен тікелей байланысы болатынын айта келе, бұрыннан белгілі сөз арнаулы ұғымға тақылатынын байқаймыз. Бұл құбылысты профессор Ш. Құрманбайұлы жүйеаралық және салааралық омонимдер деп атауды ұсынады [7, 166-б.].

Терминология – синхронды ғылым саласы, сондықтан да кез келген уақытта терминді жүйеге келтірген дұрыс. Бұрыннан белгілі сөз қандай да бір жүрнақты қабылдап, арнаулы бір ұғымға тақылып, дефинициялық мәнге ие болса жүйеаралық омоним құра отырып ішкі терминденуге келеді. Терминжасамның қалыптасқан әлемдік тәжірибелерінде жалпы қолданыстағы сөздердің терминделуі жиі кездеседі. Сондай-ақ орыс тілінде -оним, -ени+е, -ани+е, -изм, -ойд, -ейд жүрнақтары арқылы жасалған терминдер өте көп. Бұл терминденудің қазақ тілінде -у тұйық етістігімен көрінетіні туралы жоғарыда атап өттік. Абаттандыру – благоустройство,



оңтайландыру – оптимизация, айыптау – обвинение т.б. мысалдардан қазақ сөзінің кез келгені терминдік мәнге ие болуы мүмкіндігін білуге болады. Терминдердің жоғары жиілікпен қолданылуында термин-жүйе ұғымының маңызы зор.

Қазақ тіліндегі жасалып жатқан терминдерді жүйелеу туралы айтқанда экстралингвистикалық факторлардың әсері мол екенін көруге болады. Қоғам өмірінің барлық саласында қолданылатын терминдер, жаңа атаулар мен ұғымдар ғылыми тұрғыдан терминдік жүйе тарарапынан қарастыруды талап етеді. Термин сөздердің жасалу тәжірибесінде терминжасамның ішкі көздерін қолдану арқылы терминологиялық жүйені жөнге келтірудің өзектілігін шешудің бір әдісі деп қарастыру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы, 2002.
2. Суперанская А.В. Общая терминология. Вопросы теории. – М., 1989.
3. Айтбайұлы Ә. Қазақ сөзі. – Алматы: Рауан, 1997.-237-б.
4. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993.
5. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 2008.-404-б.
6. Пән сөздері. (Құрастырушы – Н. Қаратышқанов). – Алматы, Ер-Дәulet, 2004. – 126 б.
7. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы, 1998. – 205-б.

ҰСЫНЫСТАР, ПІКІРЛЕР

Бұл айдармен ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы мен көпшілік талқысына ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі ұсынған экология терминдері мен ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің, ҚР БФМ А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Терминология бөлімі ұсынған терминдердің орысша-қазақша сөздігі жарияланып отыр.



**Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің
салалық терминологиялық жұмыс тобы ұсынған экология
саласында қолданылатын терминдері мен сөз тіркестері**

1. Абиогендік ландшафт – Абиогенный ландшафт
2. Абиота – Абиота
3. Абиоталық орта жағдайлары – Абиотические условия среды
4. Абиотика – Абиотика
5. Абиотикалық фактор – Абиотический фактор
6. Абиотикалық-экологиялық факторлар – Абиотические экологические факторы
7. Абиссал – Абиссаль
8. Авиахимкүрес – Авиахимборьба
9. Авиациялық шу – Авиационный шум
10. Авиациялық мониторинг – Авиационный мониторинг
11. Авиацияның қоршаған ортаға әсері – Влияние авиации на окружающую среду
12. Авиафауна – Авиафауна
13. Автокөлікпен ластану – Загрязнение автотранспортом
14. Автоморфты топырақ – Автоморфная почва
15. Автотрофтылық – Автотрофизм
16. Автореггуляция – Авторегуляция
17. Автохтондар – Автохтоны
18. Аграрлық экология – Агроэкология
19. Агробиогеоценоз – Агробиогеоценоз
20. Агроремандандыру – Агролесомелиорация
21. Агрехимия – Агрехимия
22. Агроценоз – Агроценоз
23. Агрозожүйе – Агрокосистема
24. Агроэкология – Агроэкология
25. Ағаш дайындау – Лесозаготовка
26. Ағашжегіштер – Ксилофаги
27. Ағаштарды сақиналау – Окольцовывание деревьев
28. Ағынсыз аймақ – Бессточная область
29. Ағынсыз бассейн – Бесточный бассейн
30. Ағын модулі – Модуль стока
31. «Адам және биосфера» бағдарламасы – Программа «Человек и биосфера»

32. Адам мен табиғат қарым-қатынасы – Взаимоотношение человека и природы
33. Адам мен табиғат қарым-қатынасының эволюциясы – Эволюция взаимоотношений человека и природы
34. Адамның өмір сүру ортасы – Среда жизни человека
35. Адам экологиясы – Экология человека
36. Адамның экологиялық кадастры – Экологический кадастр человека
37. Адамды қоршаған органдың сапасы – Качество среды, окружающей человека
38. Адамның қоршаған ортасын қалпына келтіру – Воспроизводство среды, окружающей человека
39. Адамды қоршаған ортаға залал – Ущерб среде, окружающей человека
40. Адамды қоршаған ортанды онтайландауды – Оптимизация среды, окружающей человека
41. Адамды қоршаған табиғи орта – Природная среда, окружающая человека
42. Адамның табиғатқа әсер етуі – Воздействие человека на природу
43. Адам табиғатының өзгеруі – Изменение природы человека
44. Адамның экологиялық қажеттілігі – Экологическая потребность человека
45. Адамның экологиялық күқығы – Экологическое право человека
46. Адвентивті түрлер – Адвентивные виды
47. Адекция – Адекция
48. Азоналді өсімдіктер экожүйесі – Экосистема азональных растений
49. Азықтық өлшем – Кормовая единица
50. Азот айналымы – Круговорот азота
51. Азотты ұстая, азотфиксация – Азотофиксация
52. Азаюшы түр – Сокращающий вид
53. Аймақтық ластану – Региональное загрязнение
54. Аймақтық мониторинг – Региональный мониторинг
55. Айлақ – Причал
56. Айыппұл – Штраф
57. Айыппұлдар сомалары – Суммы штрафов
58. Кенежойғы – Акарицид
59. Акклиматизация – Жерсіндіру

60. Аккумуляция – Жинақталу
 61. Белсенді топырақ – Активная почва
 62. Акрология – Акрология
 63. Сарқынды су – Сточная вода
 64. Сарқынды суды биологиялық тазарту – Биологическая очистка сточных вод
 65. Сарқынды суды биосұзғімен тазарту – Очистка сточных вод на биофальбрах
 66. Сарқынды суды жасанды тазарту – Искусственная очистка сточных вод
 67. Сарқынды суды залалсыздандыру – Обеззараживание сточных вод
 68. Сарқынды суды іссіздендіру – Дезодорация сточных вод
 69. Сарқынды суды механикалық тазарту – Механическая очистка сточных вод
 70. Сарқынды суды терең тазарту – Глубокая очистка сточных вод
 71. Сарқынды суды табиғи тазарту – Естественная очистка сточных вод
 72. Сарқынды суды тазарту әдістері – Способы очистки сточных вод
 73. Сарқынды суды физикалық-химиялық тазарту – Физико-химическая очистка сточных вод
 74. Сарқынды суды химиялық тазарту – Химическая очистка сточных вод
 75. Ақпарат – Информация
 76. Акталу принципі – Принцип оправданности
 77. Алапаттық ластану – Катастрофическое загрязнение
 78. Аллелопатия – Жәбірлесу
 79. Аллелоспения – Аллелоспение
 80. Аллювий – Аллювий
 81. Жайылма – Пойма
 82. Альбедо – Альbedo
 83. Алдамшы қолайлыштық принципі – Принцип обманчивого благополучия
 84. Альготрофизм – Альготрофизм
 85. Аммонификация – Аммонификация
 86. Анаэробтар – Анаэробы
 87. Аномофилия – Аномофилия

88. Анемохорлар – Анемохоры
 89. Антибиотиктер – Антибиотики
 90. Антициклондар – Антициклоны
 91. Аллергия – Аллергия
 92. Анабиоз – Анабиоз
 93. Анализ – Талдау
 94. Анемия – Анемия
 95. Аннотация – Аннотация
 96. Антропогендік фактор – Антропогенный фактор
 97. Антропоген – Антропоген
 98. Антропогенді суццессия – Антропогенная суццессия
 99. Антропогендік жүктеме – Антропогенная нагрузка
 100. Антропогендік жүктеме қысымының нормативі (АЖҚН) – Нормативы давления антропогенной нагрузки (НДАН)
 101. Антропогендік ландшафт – Антропогенный ландшафт
 102. Антропогендік ластану – Антропогенное загрязнение
 103. Антропогендік әсер ету – Антропогенное воздействие
 104. Антропоэкологиялық жүйе – Антропоэкологическая система
 105. Белгісіздік принципі – Принцип неопределенности
 106. Аутэкология – Аутэкология
 107. Аң аулау – Охота
 108. Қаумал – Загон
 109. Аңшылық кәсіпшілігі – Охотничий промысел
 110. Аңшылық қаумал – Охотничий заказник
 111. Аңшылық қоры – Охотничий фонд
 112. Аңшылық үйымдастыру – Охотоведение
 113. Аңшылық шаруашылық – Охотничье хозяйство
 114. Аң аулау лицензиясы – Охотничья лицензия
 115. Аңшылықтану – Охотоведение
 116. Аменсализм – Аменсализм
 117. Аппекс – Аппекс
 118. Апикалық басымдылық – Апикальное доминирование
 119. Апат қалдықтары – Аварийные остатки
 120. Апобиосфера – Апобиосфера
 121. Аралдың экологиялық дағдарысы – Экологический кризис Арала
 122. Аралас орман – Смешанный лес
 123. Ареал – Ареал
 124. Ареал экологиясы – Экология ареала



125. Артық ылғалдылық – Избыточное увлажнение
 126. Арапас ағаштар – Древостой смешанный
 127. Арапас газ қоспалары – Газовоздушная смесь
 128. Минералды су – Минеральная вода
 129. Сәулет экологиясы – Экология архитектуры
 130. Арынды су – Напорные воды
 131. Арна – Русло
 132. Ауа райы қызметі – Служба погоды
 133. Атмосфера мөлдірлігі – Прозрачность атмосферы
 134. Атмосфера – Атмосфера
 135. Атмосфера ауасын қорғау – Защита атмосферного воздуха
 136. Атмосфераға шығарындыларды кәдеге жарату – Утилизация выбросов в атмосферу
 137. Атмосфералық коррозия – Атмосферная коррозия
 138. Атмосфералық қысым – Атмосферное давление
 139. Атмосфералық ластану – Атмосферное загрязнение
 140. Атмосфераның ластану индексі – Индекс загрязнения атмосферы
 141. Атмосфераның антропогендік ластану көзі – Источник антропогенного загрязнения атмосферы
 142. Атмосфераны қорғау – Охрана атмосферы
 143. Атмосфераның ластану әлеуеті – Потенциал загрязнения атмосферы
 144. Атмосфераның ластануы – Загрязнение атмосферы
 145. Атмосфералық ластануды бақылау – Контроль атмосферного загрязнения
 146. Атмосфераға шығарындыларына қойылатын талаптар – Требования к выбросам в атмосферу
 147. Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттігі – Международное агентство по атомной энергии
 148. Атом энергетикасы – Атомная энергетика
 149. Атрибут – Атрибут
 150. Ауа – Воздух
 151. Ауаның ластануы – Загрязнение воздуха
 152. Ауаның ластану дәрежесін бағалау – Оценка степени загрязнения воздуха
 153. Ауа ылғалдылығы – Влажность воздуха
 154. Аудитор жасау нысаны – Объект аудитирования
 155. Ауланатын аң-құстар – Охотничьи животные

156. Аулау, ұстап алу – Отлов
157. Аймақтық экологиялық жағдайды бағалау критерилері – Критерии оценки регионального экологического положения
158. Аутоэкология – Аутоэкология
159. Ауыл шаруашылығын химияландыру – Химизация сельского хозяйства
160. Ауыл шаруашылық ластану – Сельскохозяйственное загрязнение
161. Ауыл шаруашылық экологиясы – Сельскохозяйственная экология
162. Ауыр металдар – Тяжелые металлы
163. Ауыр металдармен ластану – Загрязнение тяжелыми металлами
164. Ашық тыңдау – Публичное слушание
165. Аэрация – Аэрация
166. Аэробтар – Аэробы
167. Аэропоника – Аэропоника
168. Аэротенек – Аэротенк
169. Аэрозоль – Аэрозоль
170. Аэрофотосурет түсіру – Аэрофотосъемка
171. Дүниежүзілік ауа райы қызметі (ДАҚ) – Всемирная служба погоды (ВСП)
172. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) – Всемирная организация здравоохранения (ВОЗ)
173. Әлемдік мұхиттың ластануы – Загрязнение мирового океана
174. Дүниежүзілік табиғат хартиясы – Всемирная хартия природы
175. Жабайы табиғаттың дүниежүзілік қоры – Всемирный фонд дикой природы
176. Әлеуметтік орман шаруашылығы – Социальное лесоводство
177. Әлеуметтік экология – Социальная экология
178. Әлеуметтік-экологиялық ауыстыру ережесі – Правило социально-экологического замещения
179. Әлеуметтік-экологиялық жүйе – Социально-экологическая система
180. Әлеуметтік-экологиялық-экономикалық залал – Социально-экологого-экономический ущерб
181. Әскери сынақтардан ластану – Загрязнение от военных испытаний
182. Әскери полигондардың мониторингі – Мониторинг военных полигонов
183. Базалық станция – Базовая станция

184. Мәліметтер базасы – База данных
185. Базалық қеңістік нысандар – Базовые пространственные объекты
186. Басқару қағидаты – Принцип управления
187. Бактериялар – Бактерии
188. Бактериоцидтер – Бактериоциды
189. Балық аулау – Рыболовство
190. Балық аулау лицензиясы – Рыболовная лицензия
191. Балық өсіретін тәлімбақ – Рыбопитомник
192. Балық өсірушілік – Рыбоводство
193. Балық шаруашылығы – Рыбное хозяйство
194. Барри Коммонердің экология заңдары – Законы экологии Барри Коммонера
195. Балықжойғы – Ихтиоцид
196. Балықтар экологиясы – Экология рыб
197. Басымдылық – Доминант
198. Батпақтану – Болотоведение
199. Бархан – Бархан
200. Безгек – Малаярия
201. Бентос – Бентос
202. Бентофаг – Бентофаг
203. Беткей қорғау орманы – Склонозащитный лес
204. Бета сәүле шығару – Бета-излучение
205. Белсенділік үлес салмағы – Удельная активность
206. Биоакустика – Биоакустика
207. Биогаз – Биогаз
208. Биогендік заттар – Биогенные вещества
209. Биогендік элементтер – Биогенные элементы
210. Биогеография – Биогеография
211. Биогеоценоз – Биогеоценоз
212. Биокөрсеткіш – Биоиндикатор
213. Биокости заттар – Биокосные вещества
214. Биоиндикация – Биоиндикация
215. Биологиялық әртүрлілік – Биологическое разнообразие
216. Биологиялық әдіс – Биологический метод
217. Биологиялық белсенді топырақ – Биологическая активная почва
218. Биологиялық әртүрлілік туралы конвенция – Конвенция о биологическом разнообразии

219. Биологиялық әдіспен су тазарту – Очистка воды биологическим методом
220. Биологиялық желдету – Биологическое выветривание
221. Биологиялық ластану – Биологическое загрязнение
222. Биологиялық күрес – Биологическая борьба
223. Биологиялық қорлар – Биологические фонды
224. Биологиялық мониторинг – Биологический мониторинг
225. Биологиялық прогресс – Биологический прогресс
226. Биологиялық регресс – Биологический регресс
227. Биологиялық ресурстар – Биологические ресурсы
228. Биологиялық сағаттар – Биологические часы
229. Биологиялық спектр – Биологический спектр
230. Биологиялық тазарту – Биологическая очистка
231. Биологиялық өнімділік – Биологическая продуктивность
232. Биологиялық тепе-тендік – Биологическое равновесие
233. Биологиялық ырғақтар – Биологические ритмы
234. Бионика – Бионика
235. Биом – Биом
236. Биомасса – Биомасса
237. Биосфера – Биосфера
238. Биосфера құрылымы – Структура биосферы
239. Биосфера экологиясы – Экология биосферы
240. Биосфералық ластану – Биосферное загрязнение
241. Биосфераның радиоактивтік ластануы – Радиоактивное загрязнение биосферы
242. Биосфералық қорық – Биосферный заповедник
243. Биотазарту – Биоочистка
244. Биота – Биота
245. Биотикалық факторлар – Биотические факторы
246. Биотикалық әлеует – Биотический потенциал
247. Биотехнология – Биотехнология
248. Биотоп – Биотоп
249. Биоценоз – Биоценоз
250. Биоценология – Биоценология
251. Биоценотикалық оптимум – Биоценотический оптимум
252. Биоэкологиялық спектр – Биоэкологический спектр
253. Биоэкология – Биоэкология
254. Биоэнергетика – Биоэнергетика

255. Биік ағаштар – Древостой высокополнотный
256. Блоктық әдіс – Блочный метод
257. Бонитет – Бонитет
258. Ботаникалтық бақ – Ботанический сад
259. Бос уақыт – Свободное время
260. Жердің бұзылуы – Нарушение земли
261. Бұзылған жерлерді түгендеу – Инвентаризация нарушенных земель
262. БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы – Рамочная конвенция ООН об изменении климата
263. БҰҰ Хатшылығы – Секретариат ООН
264. Біріккен Ұлттар Ұйымы – Организация Объединенных Наций
265. Бірінші топ ормандары – Леса первой группы
266. Бірегей жастағы ағаштар – Древостой абсолютно одновозрастный
267. Вирустар – Вирусы
268. Вектор – Вектор
269. Векторлық түсініктеме – Векторное представление
270. Векторлық-топологиялық түсініктеме – Векторно-топологическое представление
271. Газ тәрізді қалдықтар – Газообразные отходы
272. Газ қалдықтарының улылығы – Токсичность газовых отходов
273. Газданғандық – Загазованность
274. Газдандыру – Газификация
275. Газды тазарту – Газоочистка
276. Газ тазарту қондырғысы – Газоочистная установка
277. Газтұтқыш – Газоуловитель
278. Галофильдер – Галофилы
279. Галофиттер – Галофиты
280. Гамада – Гамада
281. Гамма сәулелену – Гамма-излучение
282. Гаусс-Крюгер координаты – Координаты Гаусса-Крюгера
283. Геобиосфера – Геобиосфера
284. География – География
285. Географиялық белдем – Географическая зона
286. Географиялық экология – Географическая экология
287. Географиялық ландшафт – Географический ландшафт
288. Гелиофильдер – Гелиофилы

289. Гелиофиттер – Гелиофиты
 290. Гельминттер – Гельминты
 291. Геожүйе – Геосистема
 292. Геоинформатика – Геоинформатика
 293. Геоинформатикалық талдау – Геоинформационный анализ
 294. Геоинформатикалық технология – Геоинформационные технологии
 295. Геокодтау – Геокодирование
 296. Геология – Геология
 297. Геотермальды энергетика – Геотермальная энергетика
 298. Геофизикалық мониторинг – Геофизический мониторинг
 299. Геожылнама – Геохронология
 300. Геожылнамалық шкала – Геохронологическая шкала
 301. Геоэкология – Геоэкология
 302. Гербарий – Гербарий
 303. Гербицидтер – Гербициды
 304. Герпетология – Герпетология
 305. Гигогерц гГц (1000000000 Гц) – Гигогерц гГц (1000000000 Гц)
 306. Гигрофилдер – Гигрофилы
 307. Гигрофиттер – Гигрофиты
 308. Гидробиология – Гидробиология
 309. Гидробионттар – Гидробионты
 310. ГидроГеология – Гидрогеология
 311. Гидрология – Гидрология
 312. Гидрологиялық бекет – Гидрологический пост
 313. Гидромелиорация – Гидромелиорация
 314. Гидроплазма – Гидроплазма
 315. Гидросфера – Гидросфера
 316. Гидросфераның қысымы – Давление гидросферы
 317. Гидросфераның ластануы – Загрязнение гидросферы
 318. Гидротермиялық градиент – Гидротермический градиент
 319. Гидрофильдер – Гидрофилы
 320. Гидрофиттер – Гидрофиты
 321. Жаһандық мониторинг – Глобальный мониторинг
 322. Гомеостаз – Гомеостаз
 323. Гравитациялық су – Гравитационная вода
 324. Гумификациялау – Гумификация
 325. Гумус – Гумус

326. Гуано – Гуано
 327. Жаһандық жылыну – Глобальное потепление
 328. Жаһандық қоршаған орта қоры – Глобальный фонд окружающей среды
 329. Жаһандық ластану – Глобальное загрязнение
 330. Жаһандық мониторинг – Глобальный мониторинг
 331. Жаһандық проблема – Глобальная проблема
 332. Жаһандық экология – Глобальная экология
 333. Жаһандық әлеуметтік экожүйе – Глобальная социоэкосистема
 334. Жаһандық ядролық соғыс – Глобальная ядерная война
 335. Фарыш кеңістігін қорғау – Охрана космического пространства
 336. Фарыштық қалдық – Космический отход
 337. Фарыштық мониторинг – Космический мониторинг
 338. Фарыштық экология – Космическая экология
 339. Фарыштың ластануы – Космическое загрязнение
 340. Фылымның экологиялануы – Экологизация науки
 341. Фылыми-техникалық кенес – Научно-технический совет
 342. Фылыми-зерттеу жұмысының жетекшісі – Руководитель научно-исследовательской работы
 343. Фылыми-зерттеу жұмысы жөніндегі сарапиши – Эксперт по научно-исследовательской работе
 344. Фылыми-зерттеу жұмысы жөніндегі консультанты – Консультант по научно-исследовательской работе
 345. Дауыл – Шквал, ураган
 346. Дәннің ағып кетуі – Стекание зерна
 347. Дәріс – Лекция
 348. Демоэкология – Демоэкология
 349. Депрессия – Депрессия
 350. Делювий – Делювий
 351. Детрит – Детрит
 352. Детритофагтар – Детритофаги
 353. Деструкторлар – Деструкторы
 354. Дефляция – Дефляция
 355. Диапауза – Диапауза
 356. Дьюндер – Дьюны
 357. Егіс даласын қорғайтын орман – Полезащитный лес
 358. Екпе ағаш – Насаждение
 359. Екпетоғай – Дендрарий

360. Екінші табиғат – Вторая природа
 361. Екінші топ ормандары – Леса второй группы
 362. Елді мекеннің ластануы – Загрязнение населенных мест
 363. Ерекше қорғалатын аумақ – Особо охраняемая территория
 364. Ерекше қорғалатын аумақтар мониторингі – Мониторинг особо охраняемой территории
 365. Ерекше табиғат пайдалану режимі – Режим особого природопользования
 366. Ерекше қорғауға алынған аумақтарға қойылатын экологиялық талаптар – Экологические требования к особо охраняемым территориям
 367. Еуропаның табиғи ұлттық саябақтарының федерациясы – Европейская федерация природно-национальных парков
 368. Есептік кезең – Отчетный период
 369. Жабайы аң-құс өсіру – Дичеразведение
 370. Жабайы аң-құстарды қорғау – Охрана дичи
 371. Жабайы жануарлар – Дикие животные
 372. Жабайы жануарларды жансыздандыру – Обездвижение диких животных
 373. Жабайы жануарларды қорғаудың халықаралық қор – Международный фонд охраны диких животных
 374. Жабайы жануарлардың қоныс аударатын түрлерін сактау туралы конвенция – Конвенция о сохранении мигрирующих видов диких животных
 375. Жабайы құстар – Дичь
 376. Жабайы табиғат – Дикая природа
 377. Жаға – Берег
 378. Жағалық алқап – Береговая полоса
 379. Жағалық сзық – Береговая линия
 380. Қолайлы табиғи орта – Благоприятная природная среда
 381. БАҚ – СМИ
 382. Жайылмалы экожүйелер – Пойменные экосистемы
 383. Жайылым – Пастбища
 384. Жай толқын – Зыбъ
 385. Жазықтық эрозия – Плоскостная эрозия
 386. Жалпы ағаш қорлары – Запас древостоя общий
 387. Жалпақ жапырақты орман – Широколиственный лес
 388. Жалпы экология – Общая экология

389. Жалпы экология заңы – Закон общей экологии
390. Жалпыға бірдей экология – Всеобщая экология
391. Жалпы шығарынды – Валовый выброс
392. Жанама әсер – Косвенные воздействия
393. Жансақтау стациясы – Стация переживания
394. Жануарлар әлемінің мониторингі – Мониторинг животного мира
395. Жануарлар әлемін қорғау – Охрана животного мира
396. Жануарлар әлемін пайдалануда қойылатын экологиялық талаптар – Экологические требования к использованию животного мира
397. Жануарлар індегі – Эпизоотия
398. Жануарлар экологиясы – Экология животных
399. Жануарлар географиясы – География животных (зоогеография)
400. Жануарларды жылыстату – Выселение животных
401. Жануарларды қорғау – Охрана животных
402. Жануарлардың қоныс аударуы – Миграция животных
403. Жануарлардың тектік қорын қорғау – Охрана генофонда животных
404. Жасыл кітап – Зеленая книга
405. Жасыл сақшы – Зеленый патруль
406. Жарамсыз ағаштардың басып болуы – Древостой перестойный
407. Жарамды ағаштардың басып болуы – Древостой спелый
408. Жәй ағаштар – Древостой простой
409. Жемірілу – Абраузия
